

*Жеке тұлғаға, заңды тұлғаға, заңды тұлғаның өкілдігіне/филиалына/
жеке кәсіпкерге/адвокатқа/жеке нотариусқа/жеке сот орындаушысына
/кәсіби медиаторға/қаржы басқарушысына арналған
механикалық сейфті (ұяшықты) жалға алу шартының
үлгілік формасы*

Бекіткен

*«Jusan Bank» АҚ Басқармасы
«04» Сәуір 2024 жылғы №35-24 хаттама*

*«Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесі
«06» маусым 2024 жылғы № 06/06/24-01 шешім*

МЕХАНИКАЛЫҚ СЕЙФТІ (ҰЯШЫҚТАРДЫ) ЖАЛҒА АЛУ ШАРТЫ

Осы механикалық сейфті (ұяшықты) жалға алу шарты (бұдан әрі – Шарт) «Alatau City Bank» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) жеке тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері), сондай-ақ заңды тұлғаға, заңды тұлғаның өкілдігіне/филиалына/жеке кәсіпкерге/адвокатқа/жеке нотариусқа/жеке сот орындаушысына /кәсіби медиаторға (бұдан әрі – Жалға алушы) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес автоматтандырылған сейфтік депозитарийде механикалық сейфтерді (ұяшықтарды) жалға беру жөніндегі операцияларды жүргізуінің шарттары мен тәртібін анықтайды, Тараптардың құқықтары, міндеттерін, сондай-ақ Банк және Жалға алушы арасындағы құқықтық қатынастардың ерекшелігін (төменде анықталғандай) белгілейді.

Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, шарт талаптарын Жалға алушы осы Шарттың 1 немесе 2-қосымшасына сәйкес осы Шартқа қосылу өтінішінің (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) негізінде осы Шартқа толық қосылу жолымен қабылдай алады. Банк және Жалға алушы туралы мәліметтер Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Бұндай кезде Қосылу туралы өтініш және Шарт бірыңғай құжат болып табылады.

Жалға алушының Қосылу туралы өтінішке қол қоюы төмендегілерді куәландырады:

- Жалға алушы Шарт талаптарын толық көлемде қандайда да бір ескертпесіз және қарсылықсыз оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын;

- Шартта Жалға алушы үшін оның саналы түрде түсінетін мүдделеріне қарай қабылдай алмайтын қандай да бір ауыртпалықты талаптардың жоқ екенін;

- Банкте Жалға алушы қол қойған Қосылу туралы өтініш болатын жағдайда Жалға алушы Шартты оқымағаны/түсінбегені/қабылдамағанының дәлелі ретінде Шартта өз қолының болмауына сілтеме жасауға құқығы жоқ;

- Жалға алушы сейфті (ұяшықтарды) жалға беру бойынша барлық шарттармен келіседі;

- Шарттың барлық ережелері Жалға алушының мүдделері мен ерік білдіруіне толық сәйкес келеді;

- Жалға алушы Шартты жасасу және сейфті (ұяшықты) жалға алу үшін қажетті барлық процедураларды орындады;

- шартты жасасу және оның талаптарын орындау, соның ішінде Шарт бойынша сейфтерді (ұяшықтарды) жалға алу Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Жалға алушыға қатысты қолданылатын заңнаманың кез келген ережесін бұзбайды және олардың бұзылуына әкелмейді.

Өтініштің мәтінінде басқасы қарастырылмаса, Банк Жалға алушыдан сейфті (ұяшықты) жалгерлікке ұсыну жөніндегі қызметтерінің шеңберінде Банктің тиісті белгісін қою арқылы қабылдаған Шарттың барлық Қосымшалары (болған жағдайда), өтініштер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады

1. Предмет Договора

1.1. Шарт талаптарына сәйкес Банк Жалға алушыға береді, ал Жалға алушы Жалға алушының оған құндылықтарды және / немесе құжаттарды орналастыру үшін сейфті (ұяшықты) уақытша иеленуге және пайдалануға қабылдайды.

1.2. Жалға алушы банкке сейфті (ұяшықты) жалға алу құнын, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер үшін Шартта және Банктің интернет-ресурсында (www.alataucitybank.kz) және филиалдарда (филиалдардың қосымша үй – жайларында) жалға алушының көруі үшін қолжетімді орындарда орналастырылған Банктің қолданыстағы тарифтерінде (бұдан әрі-тарифтер) көзделген мөлшерде және мерзімдерде өзге де комиссияларды төлейді

1.3. Жалданған сейфтің (ұяшықтың), сондай-ақ сейфтің (ұяшықтың) кілтінің нөмірін банк қосылу туралы өтініште көрсетеді.

1.4. Банк сейфке (ұяшыққа) салынған жалға алушының құндылықтарының атауы, саны, сапасы (және өзге де) туралы ақпаратсыз сейф депозитарийін қорғауды қамтамасыз етеді. Жалға алушы сейфтің (ұяшықтың) мазмұнына құпия түрде билік етеді: құндылықтарды салады/алады, яғни банктің қатысуынсыз құндылықтармен операцияларды жүзеге асырады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Жалға алушы міндетті:

2.1.1. құлыптың жарамдылығын алдын ала тексергеннен кейін шартқа 3-қосымшаның нысаны бойынша тиісті актіге қол қоя отырып, сейфті (ұяшықты) жалға алуға;

2.1.2. банкке сейфті (ұяшықты) жалға алу құнын, сондай-ақ шарт бойынша көрсетілетін өзге де қызметтерді (олар көрсетілген жағдайда) тарифтерге сәйкес төлеуге;

2.1.3. Сейфті (ұяшықты) оның зақымдануына жол бермейтін тәсілмен пайдалануға, кілттің сақталуын қамтамасыз етуге;

2.1.4. Жалға алушы сейфтен (ұяшықтан) кілтін жоғалтқан немесе құлып сынған немесе Банктің іс-әрекетіне/әрекетсіздігіне байланысты емес себептер бойынша өзге жағдайларда оны мәжбүрлеп ашқан жағдайда тарифтерге сәйкес жалға алынған сейфтің (ұяшықтың) құлын ашуға және ауыстыруға ақы төлеуге;

2.1.5. Сейфті (ұяшықты) Шарт талаптарына сәйкес пайдалануға, соның ішінде сейфке (ұяшыққа) сақтауға тыйым салынған заттарды орналастырмауға, сейфті (ұяшықты) жарылғыш және тез тұтанатын заттарды, ату жарактары, дәрімен атылатын, газ және суық қару, химиялық, уландырғыш радиоактивті, адам ағзасына және қоршаған ортаға зиянды әсер етуі мүмкін улы және басқа да зиянды заттарды; есірткі және психотроптық заттарды, тірі организмдер мен биологиялық тектес заттар, бүлінетін немесе паразиттердің таралуына әкелетін тамақ өнімдері және өзге де заттарды, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес азаматтық айналымнан алынып тасталған немесе айналымына шектеу қойылған заттарды, сейфтің (ұяшықтың) кез келген зақымдалуына, оның ішінде оның жұмыс істемеуіне және (немесе) банкке/басқа клиенттерге залал келтіруге әкеп соғуы мүмкін заттарды, және (немесе) өз қасиеттері бойынша сейфте (ұяшықта) сақтауға жатпайтын; Банкке және/немесе Банк қызметкерлеріне және/немесе оның клиенттеріне зиян келтіруге қабілетті өзге де мүлікті сақтау үшін пайдаланбауға;

2.1.6. сейфті (ұяшықты) босатуға, кілтті жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін шартқа 4-қосымшаның нысаны бойынша тиісті актіге қол қоя отырып, жарамды күйде банктің жауапты қызметкеріне тапсыруға;

2.1.7. сейфті (ұяшықты) жалға алу құнын уақтылы төлемегені үшін Банкке айыппұл, сондай-ақ тарифтерге сәйкес айыппұл есептелген күні қолданыста болатын мөлшерде (лерде) Шарт талаптарын бұзғаны үшін өзге де айыппұлдар төлеуге;

2.1.8. осындай өзгерістер болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын/нотариалды куәландырған көшірмелерін ұсына отырып, жалға алушының орналасқан жері/тұрғылықты жері, жалға алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, сондай-ақ өзге де

деректемелер (Байланыс телефондары, электрондық мекенжайлар және т.б.) өзгергені туралы Банкті хабардар етуге міндетті. Хабарламау және/немесе уақтылы хабарламау жағдайында Банк осындай хабарламау және/немесе уақтылы хабарламау (және/немесе оған байланысты)салдарынан Жалға алушыға келтірілуі мүмкін залал үшін жауап бермейді;

2.1.9. осындай әрекеттерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын/нотариалды куәландырған көшірмелерін ұсына отырып, банкті жазбаша түрде немесе Тараптар келіскен басқа да байланыс құралдары бойынша төменде көрсетілген әрекеттер жасалған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде хабардар етуге:

1) үшінші тұлғаларға сейфті (ұяшықты) пайдалану құқығын беру және жалға алушының сейфіндегі (ұяшықтағы) құндылықтарға және/немесе құжаттарға билік ету туралы;

2) сейфті (ұяшықты) пайдалануға және жалға алушының сейфіндегі (ұяшығындағы) құндылықтарға және/немесе құжаттарға билік етуге уәкілетті адамдардың өкілеттіктерін тоқтату, оның ішінде сенімхат негізінде берілген өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

Жалға алушы осы тармақта белгіленген хабарлама тәртібін бұзған жағдайда, Банк осындай бұзушылық салдарынан Жалға алушыға келтірілуі мүмкін залал үшін жауап бермейді;

2.1.10. Шарттың 2.3-тармағының 2.3.4-тармақшасына сәйкес Жалға алушы Банкті хабардар еткен жағдайда, жауап беруге, сондай-ақ бірінші шақырту бойынша Банкке Банк белгілеген мерзімдерде келуге;

2.1.11. кілт жоғалған жағдайда, кілт жоғалған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде банкке хабарлауға. Хабарламаған және/немесе уақтылы хабарламаған жағдайда, Банк осындай хабарламаның және/немесе уақтылы хабарламаудың (және/немесе оған байланысты) салдарынан Жалға алушыға келтірілуі мүмкін залал үшін жауап бермейді;

2.1.12. тарифтермен өз бетінше танысуға;

2.1.13. сейфті (ұяшықты) пайдалану кезінде сейфті (ұяшықты) Жалға алушыға беру және Шартқа 3-қосымшаның нысаны бойынша тиісті актіге қол қою кезінде банктің жауапты қызметкері ұсынған ұсынымдарды ұстануға;

2.1.14. Банктің талабы бойынша банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және халықаралық/мемлекетаралық шарттарда/келісімдерде, шет мемлекеттердің заңнамасында және/немесе халықаралық ұйымдардың актілерінде белгіленген өзге де қажетті талаптарды сақтауы мақсатында, Банктің қызметіне, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл саласында ықпал ететін қажетті құжаттар топтамасын ұсынуға;

2.2. Жалға алушы құқылы:

2.2.1. сейфті (ұяшықты) пайдалану құқығын сенім білдірілген тұлғаға беруге;

2.2.2. құлып зақымданған жағдайда, жазбаша өтініш негізінде Шарттың 2.1-тармағының 2.1.4-тармақшасында көзделген талаптардың орындалуын ескере отырып, сейф (ұяшық) (Шартқа 5-қосымша) ауыстыруға;

2.2.3. Сейфке (ұяшыққа) орналастырылатын құндылықтар және/немесе құжаттардың тізімдемесін жасауға;

2.2.4. Банк клиенттерге операциялық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жұмыс уақыты ішінде Шарттың 7.1-тармағын ескере отырып, сейфтің (ұяшықтың) орналасқан жері бойынша сейфке (ұяшыққа) еркін қол жеткізу;

2.2.5. Біржақты тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға, сейфті (ұяшықты) босатуы және кілтті Банктің уәкілетті қызметкеріне тапсыруы тиіс. Бұндай жағдайда жалға алудың қалған мерзімі үшін жалгерлік ақы қайтарылмайды.

2.3. Банк міндетті:

2.3.1. Осы Шарттың қолданыс мерзімі бойы сейфтің (ұяшықтың) сақталуын және тұтастығын қамтамасыз етуге;

2.3.2. Жалға алушыға сейфті (ұяшықты) дұрыс күйде, осы Шартта қарастырылған мақсаттарда пайдалану үшін жарамды жағдайда ұсынуға;

2.3.3. жалға алушының сейфке (ұяшыққа) орналастыру немесе сейфтен (ұяшықтан) құндылықтар мен құжаттарды алу үшін сейфке (ұяшыққа) еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету, оның барысында Банк Шарттың 7.1-тармағын ескере отырып, клиенттерге операциялық қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Бұл ретте сейфтердің (ұяшықтардың) бірнеше жалға алушыларының сейф депозитарийінде бір мезгілде болуына тыйым салынады;

2.3.4. сейфте (ұяшықта) орналасқан құндылықтардың және/немесе құжаттардың жойылуына немесе бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар туралы Жалға алушыға олар анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға;

2.3.5. шарт жасасу кезінде жалға алушыны айыппұл мөлшерін қоса алғанда, қолданыстағы тарифтермен таныстыруға;

2.3.6. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның уәкілетті тұлғасына сейфте (ұяшықта) сақталатын резервті көшірмелердің (номиналды ұстауды есепке алу жүйесін құрайтын электрондық деректердің) нақты болуын және сақталуын Жалға алушының қатысуымен тексеру үшін сейфке (ұяшыққа) қол жеткізуін қамтамасыз етуге (номиналды ұстау қызметтерін көрсететін бағалы қағаздар нарығының қатысушылары, бизнес-клиенттер үшін);

2.3.7. Банктің кінәсінен сейфтің (ұяшықтың)/сейф құлпының (ұяшықтың) техникалық ақаулығы туындаған кезде сейфті (ұяшықты) Жалға алушыға бар ұқсас сейфке (ұяшыққа) ауыстыруға;

2.3.8. осы тармақтың 2.3.7-тармақшасы орындалмаған жағдайда сейфті (ұяшықты) жалға алудың қалған мерзімі үшін сейфті (ұяшықты) Жалға алушыға жалдау құнын қайтаруға;

2.3.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында және шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, банктік құпияның (Шарттың 2.1-тармағының 2.1.9-тармақшасында көрсетілген Жалға алушы және тұлғалар туралы, сейфті (ұяшықты) жалға алу фактісі туралы, сейфтің (ұяшықтың) нөмірі туралы мәліметтердің) сақталуына кепілдік беру.

2.4. Банк құқылы:

2.4.1. Тарифтерді дербес белгілеуге. Жалға алушыға тиісті ақпаратты Банк филиалдарының (филиалдар қосымша орынжайларының) Жалға алушыға көрінетін жерлерінде, сондай-ақ Банктің интернет-ресурсында: www.alataucitybank.kz бұндай өзгертулер қолданысқа енгізілгенге дейін 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей хабардар етіледі.

2.4.2. Жалға алушыдан Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және халықаралық/мемлекетаралық шарттарда/келісімдерде, шет мемлекеттердің заңнамасында және/немесе халықаралық ұйымдардың актілерінде белгіленген өзге де қажетті талаптарды сақтауы үшін Банктің қызметіне, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл саласында ықпал ететін қажетті кез келген құжаттар мен ақпаратты сұратуға;

2.4.3. Жалға алушының сейфіндегі (ұяшығындағы) құндылықтардың және/немесе құжаттардың жойылу немесе бүліну қаупі туындаған жағдайда, Шарттың 4-бөлімінде көзделген іс-шараларды Жалға алушының жауабын күтпестен жүзеге асыруға;

2.4.4. егер Жалға алушы сейфті (ұяшықты) Шарттың 2.1-тармағының 2.1.3, 2.1.5 тармақшаларының талаптарын бұза отырып пайдаланса (мұндай бұзушылық Шарт талаптарын елеулі бұзу болып саналады), банктің мұндай әрекеттерді тоқтату туралы жазбаша ескертуіне қарамастан, Жалға алушыдан сейфті (ұяшықты) босатуды және кілтті тапсыруды талап ете отырып, шартты мерзімінен бұрын бұзуға (шартты біржақты соттан тыс тәртіппен орындаудан бас тарту)

2.4.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуға, халықаралық/мемлекетаралық шарттарға/келісімдерге, банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасына, халықаралық ұйымдардың актілеріне, соттардың және шет мемлекеттердің басқа да құзыретті органдарының шешімдеріне қарсы іс-қимыл саласында,

сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымын (БҰҰ), Financial Action Task Force on Money Laundering (FATF), АҚШ, Ұлыбритания, Еуропалық Одақ елдерінің уәкілетті органдарын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, шетелдік/халықаралық/ұлттық ұйымдар енгізген қандай да бір санкциялар немесе шектеулер болған жағдайларда және тәртіппен қызмет көрсетуден бас тартуға

2.4.6. Жалға алушы (оның өкілдері және/немесе бенефициарлық меншік иелері) туралы деректердің дұрыстығын тексеру және жаңарту үшін, сондай-ақ Жалға алушыға қызмет көрсету процесінде Жалға алушы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында көзделген терроризмді қаржыландыру мақсатында және Банктің ішкі құжаттарында іскерлік қатынастарды пайдаланады деген күдік туындаған, сондай-ақ, іскерлік қатынастар Біріккен Ұлттар Ұйымын (БҰҰ), Financial Action Task Force on Money Laundering (FATF), АҚШ, Ұлыбритания, Еуропалық Одақ елдерінің уәкілетті органдарын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, шетелдік/халықаралық/ұлттық ұйымдар енгізген санкциялық шектеулерден жалтару мақсатында пайдаланылады деген негіз болған жағдайда, Жалға алушы қажет мәліметтер мен ақпаратты ұсынбаған жағдайда Жалға алушымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға.

3. Тараптардың жауапкершілігі, жауапкершілікті алып тастауға негіздер

3.1. Банктің жауапкершілігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және шартта белгіленген шектерде шартты орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады;

2) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған банк құпиясын жария еткені үшін жауапты болады;

3) сейфтің (ұяшықтың) тұтастығы мен сақталуын қамтамасыз етпегені үшін жауапты болады;

3.2. Банк төмендегілерге жауап бермейді:

1) Банк Жалға алушы немесе оның өкілінің иеленуі және/немесе сейфте (ұяшықта) орналастыруы заңсыз болып танылған (танылатын) заттарды, құндылықтарды және құжаттарды сейфте (ұяшықта) орналастыруы үшін, сондай-ақ бұндай иелену және/немесе Банктің сейфі (ұяшығында) оларды орналастыру салдарынан немесе нәтижесінде Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген кез келген зиян үшін;

2) егер Жалға алушы банкті кілттің жоғалғаны туралы хабардар етпесе немесе Шарттың 2.1-тармағының 2.1.11-тармақшасын бұза отырып, уақтылы хабардар етпесе, сейфтегі (ұяшықтағы) құндылықтар мен құжаттардың сақталуына;

3) сот шешімі негізінде сейфтегі (ұяшықтағы) жалға алушының ақшасына және басқа да мүлкіне өндіріп алу қолданылған жағдайда, сейфтің (ұяшықтың) ішіндегіні бергені үшін, сондай-ақ Уәкілетті органдар/адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сейфтен (ұяшықтан) мүлікті, оның ішінде уақытша алып қойған жағдайларда;

4) Жалға Алушының Шартта көзделген міндеттерді орындамауы және / немесе тиісінше орындамауы салдарынан Жалға алушыға келтірілген залал үшін;

5) егер заттардың жойылуы, жетіспеуі немесе зақымдануы еңсерілмейтін күш жағдайларынан немесе заттың өз қасиеттерінен немесе Жалға алушының пиғылы немесе абайсыздығынан болса Банк сейфтегі (ұяшықтағы) заттардың жойылуы, жетіспеуі және зақымдануы үшін;

3.3. Кез келген жағдайда Банктің Шарт талаптарын бұзған кездегі жауапкершілігі Жалға алушыға келтірілген және соңғысы құжатпен расталған нақты залалдың мөлшерімен шектеледі.

3.4. Жалға алушы төмендегілерге жауапкершілікте болады:

1) шарттың айыппұл есептелген күнге қолданыстағы тарифтерге сәйкес сейфті (ұяшықты) жалға алу құнын уақтылы төлемегені үшін айыппұл төлеу туралы 2.1-тармағының 2.1.6-тармақшасын бұзғаны үшін;

2) жалға алушының әрекеттері/әрекетсіздігі не кілтті үшінші тұлғаларға беруі салдарынан (байланысты) кілттің жоғалуы немесе құлыптың сынуы салдарынан банкке келтірілген залал үшін;

3) Жалға алушы немесе оның өкілінің иеленуі және/немесе сейфте (ұяшықта) орналастыруы заңсыз болып танылған (танылатын) заттарды, құндылықтарды және құжаттарды сейфте (ұяшықта) орналастыруы үшін, сондай-ақ бұндай иелену және/немесе Банктің сейфі (ұяшығында) оларды орналастыру салдарынан немесе нәтижесінде Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген кез келген зиян үшін;

4) сақтауға тыйым салынған заттарды, жарылғыш және тез тұтанатын заттарды, оқ-дәрілерді, атыс, газ және суық қаруды, химиялық, улы радиоактивті, улы және адам ағзасына және қоршаған ортаға зиянды әсер етуі мүмкін басқа да улы заттарды, есірткі және психотроптық заттар, тірі организмдер және биологиялық тектес заттарды, тез бұзылатын және паразиттердің таралуына әкелетін тамақ өнімдері және өзге де заттарды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық айналымнан алынған немесе азаматтық айналымда шектелген заттар мен мүлікті, сейфтің (ұяшықтың) кез келген зақымдалуына, оның ішінде оның жұмыс істемеуіне және (немесе) банкке/басқа клиенттерге залал келтіруге әкеп соғуы мүмкін заттарды, банкке және/немесе банк қызметкерлеріне және/немесе оның клиенттеріне зиян келтіруге қабілетті өзге де мүлікті сейфте (ұяшықта) орналастырғаны үшін;

5) Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға Шарт талаптарын бұзғаны үшін, сондай-ақ сейфтегі (ұяшықтағы) заттың қасиеттерін бұзғаны үшін;

6) Банкке ұсынылатын құжаттардың дұрыс болмағаны үшін, сондай-ақ сейфті (ұяшықты) тиісінше пайдаланбағаны үшін

7) Жалға алушыдан алынған сейфке (ұяшыққа) қол жеткізу құралдары бар кез келген адам сейф (ұяшық) орналасқан банктің үй-жайына барған кезде туындауы мүмкін залал мен салдар үшін;

8) Жалға алушы танысқан, оның ішінде ауызша түрде танысқан шарттың өзге де талаптарын және/немесе сейфті (ұяшықты) пайдалану қағидаларын бұзғаны үшін, айыппұл (көзделген болса) есептелген күнге қолданыстағы тарифтерге сәйкес және/немесе банкке келтірілген залал мөлшерінде айыппұл (дар) төлеуі тиіс.

4. Сейфті (ұяшықты) мәжбүрлі түрде ашу

4.1. Банк келесі жағдайларда ашу актісін жасай отырып, банк комиссиясының қатысуымен сейфті (ұяшықты) мәжбүрлеп ашуға құқылы:

1) Жалға алушы сейфті (ұяшықты) пайдалану жөніндегі шарттың кез келген талаптарын сақтамаған жағдайда;

2) Жалға алушы сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) ай өткеннен кейін Банкке келмеген жағдайда;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттардың, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының, сот орындаушысының Жалға алушы жалға алған сейфтің (ұяшықтың) ішіндегіні мәжбүрлеп алып қою туралы шешім қабылдауға құқығы бар актілерінің (құжаттарының) негізінде;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе шартта көзделген өзге де жағдайларда.

4.2. Банк сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімі аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Жалға алушыға сейфті (ұяшықты) мәжбүрлеп ашу туралы, сондай-ақ сейфті (ұяшықты) жалға алу құнын уақтылы төлемегені үшін айыппұлды және құлыпты ауыстырғаны үшін комиссияны (егер Жалға алушы оны өз еркімен босату үшін сейфтің (ұяшықтың) кілтімен хабарламада белгіленген мерзімде банкке келмеген жағдайда), есептелген өзге де комиссияларды/айыппұлдарды (бар болса) қосылу туралы өтініште көрсетілген деректемелер бойынша тапсырыс хатпен төлеу қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

4.3. Сейфтен (ұяшықтан) алынған құндылықтар, тез бұзылатын/ұзақ сақтауға жатпайтын заттарды, оның ішінде Банктің мүлкіне залал келтіруге және/немесе оның қызметкерлеріне зиян келтіруге қабілетті заттарды қоспағанда, банк қоймасында құндылықтарды сақтағаны үшін ақы есептелмей, Банк қоймасына жауапты сақтауға беріледі.

5. Сейф депозитарийін ауыстыру

5.1. Сейфтік депозитарийді және/немесе сейфті (ұяшықты) жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде, сондай-ақ сейфтік депозитарийді басқа үй-жайға ауыстыруға байланысты Банк сейфтік операцияларды (банк үй-жайы орналасқан нақты мекенжай бойынша) жүзеге асыруды тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы. Бұл жағдайда Банк жұмыс жүргізгенге/сейфтік операцияларды жүзеге асыруды уақытша тоқтатқанға немесе тоқтатқанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей бұл туралы Жалға алушыны хабардар етеді және оны сейфтен (ұяшықтан) құндылықтарды ауыстыру немесе алу үшін шақырады.

5.2. Бос сейф (ұяшық) болған және Банк босатылуға жататын сейфті (ұяшықты) Жалға алушының бастамасы бойынша ауыстырған жағдайда, шартта көзделген тәртіпті сақтай отырып, осы немесе басқа үй-жайда орналасқан сейфке (ұяшыққа) ауыстыруды ұсынады.

Егер Жалға алушы банк ұсынған шарттармен келіспесе немесе жаңа сейфті (ұяшықты) беру мүмкін болмаса, Жалға алушы шартты одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, бұл туралы Банкті жазбаша хабардар етуі тиіс. Бұл ретте Банк сейфті (ұяшықты) жалға алудың қалған мерзімі үшін жалдау (сейф)құнын қайтаруды жүзеге асырады.

5.3. Жалға алушы хабарламада көрсетілген мерзімдерде Банкке келмеген жағдайда, Банк Шарттың 4-бөлімінде көзделген тәртіппен сейфті (ұяшықтарды) ауыстыру алдында сейфті (ұяшықты) мәжбүрлеп ашуды жүзеге асырады: егер Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған болса, банк комиссиясының қатысуымен ашу актісін жасай және одан әрі Банктің қоймасына жауапты сақтауға бере отырып.

5.4. Сейфті (ұяшықты) қайтару (босату) үшін Жалға Алушының келмеуіне байланысты банк сейфті (ұяшықты) мәжбүрлеп ашқан жағдайда, Жалға алушы сейфті (ұяшықты) мәжбүрлеп ашқан күнге тарифтермен белгіленген мөлшерде сейф құлпын (ұяшықты) ауыстырғаны үшін банкке комиссия төлейді.

6. Сейфті (ұяшықты) жалға алу құны, комиссиялар мен айыппұлдар

6.1. Сейфті (ұяшықты) жалға алғаны үшін, сондай-ақ шартқа сәйкес өзге де қызметтер көрсеткені үшін Жалға алушы банкке операция жүргізу немесе қызмет көрсету сәтінде қолданылып жүрген тарифтерге сәйкес құнын (комиссиясын) төлейді. Бұл ретте сейфті (ұяшықты) жалға алу құны сейфті (ұяшықты) Жалға алушыға бергенге дейінгі барлық жалдау мерзімі үшін алдын ала төлем шарттарымен бір рет алынады. Банк сейфті (ұяшықты) жалға алу құнын, шарт бойынша Банк ұсынатын өзге де қызметтер үшін комиссиялар, сондай-ақ айыппұлдар ақысын Жалға алушының Банкте ашылған барлық банктік шоттарынан ақшаны алу (есептен шығару) жолымен жүзеге асырады. Банктің қалауы бойынша сейфті (ұяшықты) жалға алу құнын, банк ұсынатын өзге де қызметтер үшін комиссияларды, шарт бойынша айыппұлдарды төлеуді Жалға алушы қолма-қол ақшамен жүзеге асыра алады. Осы арқылы Жалға алушы банкке Шартта көзделген жағдайларда жалға алушының Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан тікелей дебеттеу жолымен ақшаны есептен шығаруға өзінің шартсыз және қайтарымсыз келісімін береді. Жалға алушының банктік шоттарынан өзге (жалға алушының міндеттеме валютасынан) валютадағы ақша сомасын алу (есептен шығару) Банк белгілеген валютаны сату немесе сатып алу бағамы бойынша банктің таңдауымен, Жалға алушының есебінен тарифтерге сәйкес айырбастау жүргізгені үшін комиссия сомаларын (оның ішінде айырбасталған сомадан айырбастау үшін комиссия ұсталған кезде) ала отырып жүргізіледі.

6.2. Сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімі қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

6.3. Егер жалға алу мерзімі өткеннен кейін Жалға алушы сейфті (ұяшықты) босатпаған жағдайда, ол банкке айыппұл есептелген күнге қолданыстағы тарифтерге сәйкес мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін сейфті (ұяшықты) жалға алу құнын уақтылы төлемегені үшін айыппұл төлейді.

6.4. Сейфті (ұяшықты) қайтару (босату) үшін Жалға берушінің келмеуіне байланысты банк сейфті (ұяшықты) мәжбүрлеп ашқан жағдайда, Жалға алушы сейфті (ұяшықты) мәжбүрлеп ашқан күнге тарифтермен белгіленген мөлшерде сейф құлпын (ұяшықты) ашқаны және ауыстырғаны үшін Банкке комиссия төлейді).

7. Сейфке қол жеткізу (ұяшыққа)

7.1. Жалға алушының сейфіне (ұяшығына) қол жеткізу Банк клиенттерге операциялық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жұмыс уақыты кезеңінде ашық. Банктің жұмыс режимі туралы ақпарат филиалдарда (филиалдардың қосымша үй-жайларында) жалға алушының көруі үшін қолжетімді орындарда, сондай-ақ банктің интернет-ресурсында орналастырылған.

7.2. Сейфті (ұяшықты) және сейфтің (ұяшықтың) кілтін Жалға алушыға беру шартқа 3-қосымшаның нысаны бойынша жасалатын акт бойынша жүзеге асырылады.

7.3. Сейфті (ұяшықты) Жалға алушы банктің жауапты қызметкерінің қатысуымен ашады және жабады.

7.4. Сейфтің (ұяшықтың) қос механикалық кілтті құлпы бар. Құлып екі әр түрлі кілт – Банк қызметкерінің кілтімен және Жалға алушы кілтімен бір мезгілде ашылады, Сейфті (ұяшықты) Жалға алушы өз кілтімен жабады, Банк қызметкерінің кілтімен ашылатын құлып автоматты түрде жабылады

7.5. Банкке әрбір өтініш білдіру кезінде:

- Жалға алушы-жеке тұлға, жеке кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, кәсіби медиатор, қаржы басқарушысы (банктің жауапты қызметкеріне) жеке басын куәландыратын құжаты және банк Жалға алушыға берген кілті болуы тиіс;

- Жалға алушы – заңды тұлғаның/жеке тұлғаның уәкілетті өкілінің жеке басын куәландыратын құжаты, осы тұлғаның өкілеттігін растайтын сенімхаты және Банктің Жалға алушыға берген кілті болуы (банктің жауапты қызметкеріне көрсетуі) тиіс. Сенімхат құрылтай құжаттарының (атап айтқанда, заңды тұлғаның Жарғысының) негізінде Жалға алушының (заңды тұлғаның) атынан сенімхатсыз әрекет етуге уәкілетті Жалға Алушының (заңды тұлғаның) бірінші басшысына және өзге де тұлғаларға берілмейді.

7.6. Банк келесі жағдайларда жалға алушыны (оның өкілін) жалға алынатын сейфке (ұяшыққа) жібермеуге құқылы:

- 1) Жалға алушының шарт талаптарын бұзуы;
- 2) Жалға алушының (оның өкілінің) жеке басын куәландыратын құжаты болмаған жағдайда;

- 3) Жалға алушыда (оның өкілінде) сейфтің (ұяшықтың) кілті болмаса;

- 4) Жалға Алушының сейфті (ұяшықты) толық төлегенге дейін жалға алу құнын төлеу бойынша банк алдында берешегі және/немесе шарт бойынша өзге де көрсетілетін қызметтерді төлеу бойынша банк алдында берешегі болған жағдайда;

- 5) Жалға алушының жалға берілетін сейфте (ұяшықта) орналастырылған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салынған мүлкіне (құндылықтарына) билік етуге уақытша шектеу қойылған немесе тыйым салынған жағдайда.

8. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

8.1. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісінше орындамау шарт жасалғаннан кейін Тараптар ақылға қонымды шаралармен болжай, алдын ала алмаған төтенше сипаттағы оқиғалар нәтижесінде туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекетінің салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына Тарап ықпал ете алмайтын және пайда болуы үшін жауап бермейтін оқиғалар жатады (соның ішінде, бірақ олармен шектелмейді: табиғи апат құбылыстары, мысалы: жер сілкінісі, су тасқыны, өрт және т. б. және олармен байланысты салдарлар, мысалы, электр желілерінің зақымдануы түрінде, сондай-ақ митингілер, ереуілдер, демонстрациялар, қоғамдық тәртіпсіздіктер және т. б.).

8.3. Мұндай мән-жайларға сілтеме жасайтын Тарап көрсетілген мән-жайлар туындаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапты олардың басталғаны туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті, бұл ретте екінші Тараптың талабы бойынша мұндай мән-жайлардың туындағанын растау үшін құзыретті орган берген құжат ұсынылуы тиіс.

8.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекетіне сілтеме жасаған Тарап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде екінші Тарапқа осындай мән-жайлардың қолданылуының тоқтатылғаны туралы жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

8.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақытқа пропорционалды түрде кейінге қалдырылады.

8.6. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларының күші олар басталғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам уақытқа созылған жағдайда, Тараптар өзара келісім бойынша Шарттың қолданылуын тоқтатуға құқылы, бұл ретте мүдделі Тарап мұндай тоқтату күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етеді.

9. Шарттың қолданылу мерзімі және Шартты өзгерту тәртібі

9.1. Шарт Жалға алушы қол қойған және шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және шарт жасасу фактісін растайтын қосылу туралы өтінішті Банк қабылдаған (Банктің тиісті белгісін қою арқылы) күннен бастап күшіне енеді. Шарт тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

9.2. Шарт қолданысы келесі жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

- Тараптардың жазбаша келісімі бойынша;
- Шартта белгіленген жағдайларда және тәртіппен Шартты орындаудан біржақты бас тартуға байланысты Жалға алушының бастамасы бойынша;
- Шартта белгіленген жағдайларда және тәртіппен Шартты орындаудан біржақты бас тартуға байланысты Банктің бастамасы бойынша
- осы Шартта белгіленген басқа жағдайларда.

9.3. Банк Жалға алушымен алдын ала келіспей, біржақты тәртіппен шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы. Шартқа енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы Банк жалға алушыны ақпаратты Банктің интернет-ресурсында және/немесе Банктің филиалдарында (филиалдардың қосымша үй-жайларында) осындай өзгерістер және / немесе толықтырулар күшіне енгенге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей көруге болатын қолжетімді жерде орналастыру арқылы хабардар етеді.

9.4. Жалға алушының шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Жалға алушыны хабардар еткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды ескере отырып, Шарт талаптарын қабылдамау туралы өтінішті Банкке бермеуі Жалға алушының Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясымен келісуін және енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды ескере отырып, оған тұтастай қосылуын білдіреді (бұл ретте Жалға алушының қандай да бір қосымша құжаттарға қол қоюы талап етілмейді).

9.5. Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгеннен кейін ол өзгертілген / толықтырылған түрде қолданысын жалғастырады.

9.6. Шарттың 9.3 – 9.5-тармақтарында белгіленген тәртіпке сәйкес шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті ережелерін басшылыққа алады.

9.7. Сейфті (ұяшықты) Жалға алу мерзімі Жалға алушының шартқа 6-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша берілген сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімін ұзарту туралы өтініші негізінде сейфті (ұяшықты) ағымдағы жалға алу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш)жұмыс күні бұрын ұзартылуы мүмкін. Бұл ретте, сейфті (ұяшықты) жалдау мерзімі ұзартылған күннен бастап жалдау шарттары банк белгілеген және ұзарту күніне қолданыста болатын сейфті (ұяшықты) жалға алудың стандартты шарттарына сәйкес белгіленеді. Жалға алушының сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімін ұзарту туралы өтініші Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және Жалға алушының сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімін ұзарту күніне қолданыстағы шарттармен танысқанын және қабылдағанын растайтын құжат болып табылады.

10. Дауларды шешу тәртібі

10.1. Шарт бойынша туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды Тараптар өзара қолайлы шешімдер әзірлеу мақсатында келіссөздер жолымен алдын ала тәртіппен дербес қарайды.

10.2. Шартта реттелмеген, бірақ одан туындайтын немесе онымен байланысты мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

10.3. Келіссөздер жолымен реттелмеген Шартқа байланысты барлық даулар банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралуы тиіс (Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес айрықша соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда).

11. Құпиялылық

11.1. Тараптар Шартқа байланысты бір-біріне беретін кез келген ақпарат, сондай-ақ шарт жасасу фактісінің өзі құпия ақпарат болып табылады және егер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарынан немесе шарт талаптарынан өзгеше туындамаса, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімін алмай үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

11.2. Егер Жалға Алушының әрекеттері/әрекетсіздігі (және/немесе оларға байланысты) салдарынан құпиялылық бұзылса немесе құпия ақпарат өзге көздерден үшінші тұлғаларға белгілі болса не белгілі болса, Банк Жалға алушыға келтірілген залал үшін жауап бермейді.

11.3. Қосылу туралы өтінішті бере отырып Жалға алушы Шарттың қолданыс мерзімі бойы Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне, оларда бекітілген ақпаратты жариялау деңгейін қадағалау қажеттілігін белгілейтін Банктің ішкі құжаттарына сәйкес кез келген ақпаратты жариялауын талап етуге құқылы, ал Жалға алушы Банкке оның талап етуі бойынша кез келген ақпаратты Банк белгілеген мерзімде беруге міндетті екенімен келіседі.

11.4. Қосылу туралы өтініш бере отырып, Жалға алушы келесі үшінші тұлғаларға Жалға алушының қосымша келісімінсіз Шарт негізінде Банкке ұсынуға сөзсіз және қайтарымызсыз өкілеттік береді:

1) Банктің ірі қатысушылары болып табылатын тұлғаларға, Банктің үлестес тұлғаларына;

2) уәкілетті мемлекеттік органдарға, соттарға, құқық қорғау органдарына (оның ішінде анықтау және/немесе алдын ала тергеу органдарына, ұлттық қауіпсіздік органдарына) олардың сұрау салуы бойынша не Жалға алушы Банк алдындағы міндеттемелерін бұзған жағдайда не Жалға алушы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзған жағдайда;

